«Ерепжеп» бөбекжай-балабақшасы

Ортаңғы «Құлыншақ» тобы

2024-2025 оқу жылы

Ортаңғы топтың ата-аналармен жұмыс жасаудың жылдық жоспары

Мақсаты: балалардың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне белсенді қатыстыру, олармен тиімді қарым-қатынас орнатып, бала тәрбиесінде қолдау көрсету, ата-аналарды балабақшаның іс-шараларына тарту.

Міндеттері:

- *Ата-аналардың баланың дамуы мен тәрбиесіне әсерін арттыру.*
- *Жыл бойы ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, тиімді әдістерді қолдану.*
- *Баланың тұлғалық дамуына ата-аналардың назарын аудару.*

№	Іс-шаралар тақырыбы	Жауаптылар
№1	**Қыркүйек айында жүргізілетін жұмыс түрлері** 1. Жаңадан келген ата-аналармен келісім-шартқа отыру, ата-аналарға кеңес беру. 2. №1 топтық ата-аналар жиналысын ұйымдастыру мен өткізу: «Үш жас дағдарысының психологиялық ерекшеліктері». 3. Психологиялық тренинг: ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайту. 4. Кеңес беру: «Бөбекжайдағы адаптация». 5. «Танысайық»: топтың әлеуметтік паспортын құрастыру.	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер Психолог
№2	**Қазан айында жүргізілетін жұмыс түрлері** 1. Шеберлік сағаты: «Балалардың қазіргі қызығушылықтары». 2. Күзгі көрме: «Күз сыйы». 3. Экскурсия: «Кітап — біздің досымыз» аудандық кітапханаға саяхат, ата-аналардың көмегімен. 4. Сауалнама: «Осы оқу жылы бөбекжайдан не күтесіздер?»	Әдіскер Тәрбиешілер
№3	**Қараша айында жүргізілетін жұмыс түрлері** 1. «Әкем, анам және мен» — спорттық сайыс, салауатты өмір салтын насихаттау. 2. Кеңес: «Иммунитетті қалай көтереміз?», «Дұрыс тамақтанудың маңызы». 3. Ақпараттық стенд: «Көшеде және үйде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері».	Тәрбиешілер Денешынықтыру нұсқаушысы Медбике
№4	**Желтоқсан айында жүргізілетін жұмыс түрлері**	Тәрбиешілер

Scanned with CamScanner

	1. №2 топтық ата-аналар жиналысы: «Балалардың тілін дамытуда ұсақ қол моторикасының маңызы». 2. Көрме: «Тәуелсіз елім» (көлемді, 3D макеттер, кескіндемелер). 3. Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыру туралы ата-ана пікірімен санасу. 4. Кеңес беру: «Бала денсаулығын нығайтуда таза ауаның маңызы». 5. Жаңа жылдық мерекені ата-аналардың қатысуымен өткізу. 6. Көрме: «Жасыл шырша жанында...» қолөнер бұйымдары.	Психолог Медбике Әдіскер Музыка жетекшісі Ата-аналар
№5	**Қаңтар айында жүргізілетін жұмыс түрлері** 1. Апталық қысқы қызықтар мен сауықтар: «Бізептіміз» қысқы ойындары, ата-аналардың қатысуымен. 2. «Аңдардың қысқа дайындығы» — ата-аналардың қатысуымен іс-шара. 3. Семинар-практикум: «Дамуы мен сөйлеуі тежелген балалардың білім алуына қолайлы жағдай жасау» (логопед маманның қатысуымен).	Денешынықтыру нұсқаушысы Тәрбиешілер Музыка жетекшісі Әдіскер Психолог
№6	**Ақпан айында жүргізілетін жұмыс түрлері** 1. Дөңгелек үстел: «Баланы бұзуға да, түзеуге де болатын бір ғана шарт — жас күнде көрген өнеге». 2. «Ашық есік күні»: тәрбиешілердің күн тәртібіне байланысты ұйымдастырылған іс-әрекетті топта көрсетуі — «Балабақшадағы бір күнім».	Әдіскер Тәрбиешілер
№7	**Наурыз айында жүргізілетін жұмыс түрлері** 1. Мерекелік ертеңгілік: «Ақ анашым, дарасың» — ата-аналардың қатысуымен. 2. «Салт-дәстүрді сақтаймыз»: Наурыз мерекесіне байланысты топтар арасында дәстүр көрсету, әжелер мен әкелер, аналар мектебінің қатысуымен. 3. Көктем мерекесін (8 наурыз, 22 наурыз) ата-аналардың қатысуымен ұйымдастыру және өткізу, «Ұлттық дастархан» айдары аясында.	Тәрбиешілер Музыка жетекшісі
№8	**Сәуір айында жүргізілетін жұмыс түрлері** 1. Ата-аналардың қатысуымен балабақша аумағын көркейту жұмыстарын ұйымдастыру. 2. Сауалнама: «Бала тілін дамыту бойынша ата-аналарға арналған сұрақтар». 3. «Ауылым — алтын бесігім» аудандық саябаққа саяхат.	Тәрбиешілер Әдіскер
№9	**Мамыр айында жүргізілетін жұмыс түрлері** 1. №3 топтық ата-аналар жиналысы: «Біз, бір жаска есейдік» — балалардың жыл ішіндегі жетістіктері.	Тәрбиешілер Меңгеруші Әдіскер

Scanned with CamScanner

	2. «Әкем, анам және мен» — спорттық сайыс, ата-аналардың қатысуымен салауатты өмір салтын насихаттау. 3. «Біздің батыр бабалар» — Жеңіс алаңына саяхат, ата-аналардың көмегімен. 4. Кеңес беру: «Жазгы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру».	Психолог Медбике

«Үш жас дағдарысының психологиялық ерекшеліктері»

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №1

Ортаңғы топтағы ата-аналар жиналысы

Жиналыс уақыты: 2024 жылғы 5 қыркүйек, сағат 17:00

Өткізілген орны: балабақшаның ортаңғы «Құлыншақ» тобының топ бөлмесі

Қатысқандар: топ тәрбиешілері, психолог, ата-аналар (барлығы 19 адам).

Тақырыбы:

- *«Үш жас дағдарысының психологиялық ерекшеліктері».*
- *Кеңес беру: «Бөбекжайдағы адаптация».*
- *Психологиялық тренинг: ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайту.*

Күн тәртібі:

Жиналыстың ашылуы (5–10 минут):

- Тәрбиеші қатысушыларды қарсы алып, жиналыстың мақсатымен таныстырады.
- Күн тәртібі туралы ақпарат беріледі.

1-тақырып: «Үш жас дағдарысының психологиялық ерекшеліктері» (15 минут)

Баяндама жасаған: топтың психологы

- Үш жас дағдарысының негізгі белгілері мен баланың мінез-құлқындағы өзгерістер (қырсықтық, тәуелсіздікке ұмтылу, агрессия) талқыланды.
- Баланың бұл кезеңде өзін жеке тұлға ретінде сезінетіні, сондықтан ата-ана тарапынан түсіністік пен қолдаудың маңызы айтылды.

Ата-аналарға ұсынылған жұмыс әдістері:

- Баланың дербестігін қолдау.
- Сабырлық пен түсіністік көрсету.
- Балаға шекараларды анық көрсету.

Ата-аналардың сұрақтары:

- *Баланың қырсықтығын қалай жеңуге болады?*
- *Егер бала үнемі тәртіпке қарсы болса, не істеу керек?*

Психологтың жауаптары:

- Баланың қырсықтығы дербестікке ұмтылудың көрінісі екені түсіндірілді.
- Күштеп емес, түсіністікпен әрекет ету ұсынылды.
- Сабырлық танытып, баланың эмоцияларын қабылдаудың маңызы атап өтілді.

2-тақырып: Кеңес беру: «Бөбекжайдағы адаптация» (20 минут)

Баяндамашы: топ тәрбиешісі

Scanned with CamScanner

- Баланың бөбекжайға бейімделу кезеңдері туралы толық ақпарат берілді.

Аланттанының жеңіл өтуі үшін ата-аналарға ұсыныстар:

- Балаға бөбекжай туралы позитивті ақпарат беру
- Алғашқы күндері баланы қысқа уақытқа қалдыру
- Қоштасу сәтінде баланы тыныштандыру және берілген уәделе тұру.

Ата-аналардың пікірі:

- Кейбір ата-аналар балаларының бөбекжайға бейімделуіндегі қиындықтарымен бөлісті.
- Бірқатар ата-аналар жаңа ортаға тез бейімделу үшін нақты кеңестер алды.

3-тақырып: Психологиялық тренинг (20 минут)

Мақсаты: ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, сенімділікті арттыру.

Тренинг бағдарламасы:

«Эмоциялар айнасы» ойыны: ата-аналар мен балалар бір-бірінің эмоцияларын көрсетіп, түсініп, қайталайды.

«Менің балам қандай?» жаттығуы: ата-аналар өз баласының жақсы қасиеттерін айтып, олардың жетістіктерін талқылайды.

«Баламен сенімді байланыс» жаттығуы: ата-аналар балаларымен бірге шағын сурет салу немесе құрастыру тапсырмасын орындайды.

Қорытынды:

- Тренинг ата-аналар мен балалар арасындағы эмоционалдық жақындықты нығайтуға көмектесті.

Жиналыстың қорытындысы:

- Ата-аналарға «Үш жас дағдарысы» туралы ақпарат беріліп, тиімді әдістер ұсынылды.
- Бөбекжайдағы бейімделу кезеңіне байланысты нақты ұсыныстар жасалды.
- Тренинг арқылы ата-аналар өз балаларына көбірек көңіл бөліп, олардың ерекшеліктерін жақсы түсінуге мүмкіндік алды.

Қабылданған шешімдер:

- Ата-аналарға балалардың дербестігін дамытуға бағытталған әрекеттер жасау ұсынылды.
- Психолог пен тәрбиешіден қосымша кеңес алғысы келетін ата-аналар үшін жеке кездесулер ұйымдастырылатын болды.

Жиналыс хатшысы: «ЕРЕЖЕП» **Әбдраманова Г.Ж**

Жиналыс төрағасы: **Сексенова М.Е**

Scanned with CamScanner

Топтық ата-аналар жиналысының хаттамасы №2

Тақырыбы: «Балалардың тілін дамытуда ұсақ қол моторикасының маңызы».

Күні: 2024 жылғы 19 желтоқсан

Уақыты: 16:30

Өткізілген орны: балабақшаның ортаңғы «Құлыншақ» тобының топ бөлмесі

Қатысушылар: топ тәрбиешісі, ата-аналар (20 адам)

Мақсаты:

- Ата-аналарды ұсақ қол моторикасы мен тіл дамуы арасындағы тығыз байланысты түсіндіру, балалардың қол моторикасын дамытуға арналған тиімді әдістерді үйрету.

Жиналыс жоспары:

1. Кіріспе (5–7 минут):

- Жиналысты ашу және қатысушыларды қарсы алу.
- Жиналыс тақырыбы мен мақсатын ата-аналарға таныстыру.

Мұғалім сөзі:

«Баланың сөйлеу қабілеті мен ұсақ қол моторикасы арасында тікелей байланыс бар. Қолдың майда бұлшықеттерін дамыту арқылы біз тілдің белсенді дамуына ықпал ете аламыз. Бүгінгі жиналыста осының маңыздылығын талқылаймыз және нақты тәсілдермен танысамыз.»

2. Негізгі бөлім (15–20 минут):

2.1. Теориялық бөлім:

Ұсақ қол моторикасы деген не? Бұл — саусақтардың дәл және үйлесімді қозғалыстарын орындау қабілеті. Ол баланың сөйлеу және когнитивті дағдыларын дамытуда үлкен рөл атқарады.

Қол моторикасы мен тіл дамуының байланысы:

- Саусақ бұлшықеттерінің қозғалысы мен мидың сөйлеу орталығы өзара тығыз байланысты.
- Қол қозғалыстарының дамуы баланың артикуляциялық аппаратын күшейтеді.

Ұсақ қол моторикасының жеткіліксіз дамуы мына мәселелерге әкелуі мүмкін:

- Сөйлеу кешігулері, сөздік қордың аздығы.
- Өз-өзін реттеу дағдыларының әлсіз дамуы.

2.2. Практикалық бөлім:

- Ұсақ мотериканы дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар:

Саусақ гимнастикасы:

- «Саусақпен жаңбыр жаудыру», «Шарлар ұшып барады» сияқты жаттығулар.

Шығармашылық әрекеттер:

- Пластилинмен жұмыс істеу.
- Мозаика құрастыру.

Scanned with CamScanner

- Түрлі-түсті қағаздан аппликациялар жасау

Күнделікті жұмыстар:

- Мақта, түймелер, моншақтар жинау
- Кішкентай қыстырғыштармен жұмыс

Ойыншықтар мен құралдар:

- Құммен, сумен ойындар
- Лего немесе басқа құрастыру ойыншықтары.

3. Тренинг (10–15 минут):

Ата-аналармен практикалық жаттығу:

- Саусақ гимнастикасын бірге орындау
- Ата-аналармен бірге пластилиннен ұшын жасау
- Ұсақ моторикаға арналған құралдарды пайдалану

4. Ата-аналармен талқылау (10 минут):

- Баланың қол моторикасын дамытуда үйде қандай әрекеттер жасалады?
- Балалардың тіл дамуы мен ұсақ моторикасын қолдауға қатысты сұрақтар мен ұсыныстар талқыланды

Мұғалімнің ұсыныстары:

- Балалармен бірге уақыт өткізуге тырысу (ойын, шығармашылық)
- Ұсақ моторикаға арналған ойындарды күнделікті қолдану
- Баланы өз бетімен жұмыс істеуге үйрету (мысалы, түймелерді өзі түймелеу)

5. Қорытынды (5 минут):

Жиналыстың негізгі ойлары қорытындыланды:

«Ұсақ қол моторикасының дамуы — баланың болашақтағы жетістігінің негізі. Балаңмен бірге қызықты әрі пайдалы жаттығулар жасау арқылы оның тілі мен жалпы қабілеттерінің дамуына ықпал ете аласыз.»

Ата-аналарға қосымша материалдар ұсынылды:

- Саусақ гимнастикасы туралы бейнематериалдар.
- Ұсақ моторикаға арналған ойындардың тізімі.

Алғыс:

«Құрметті ата-аналар, сіздердің бала тәрбиесіне белсенді араласқандарыңыз үшін алғыс білдіреміз. Келесі жиналыста да сіздермен пайдалы ақпаратпен бөлісуді асыға күтеміз!»

Жиналыс хатшысы: **Әбдраманова Г.Ж**

Жиналыс төрағасы: **Сексенова М.Е**

№3 Топтық ата-аналар жиналысы: «Біз, бір жасқа есейдік»

Тақырыбы: балалардың жыл ішіндегі жетістіктері.

Мақсаты:

- Ата-аналарға балалардың бір жыл ішінде жеткен жетістіктерін көрсету және таныстыру.
- Баланың дамуы мен тәрбие үрдісіндегі ата-аналардың рөлін талқылау.
- Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Жоспар

1. Жиналыс уақыты мен орны:

Күні: 2025 жылғы 22 мамыр

Өткізу орны: балабақшаның ортаңғы «Құлыншақ» тобының топ бөлмесі

Қатысушылар: тәрбиешілер, ата-аналар, балалар (барлығы 21 адам).

2. Дайындық кезеңі:

Ата-аналарды шақыру:

- Жиналыс бағдарламасы туралы хабарлама тарату.
- Балалардың жыл бойғы жетістіктерін бейнелейтін материалдарды (фотосуреттер, видеолар, шығармашылық жұмыстар) жинау.

Материалдар мен көрнекіліктер:

- Балалардың суреттері, шығармашылық жұмыстары, қолөнер бұйымдары.
- Балалардың іс-әрекеттері жазылған фотосуреттер мен бейнероликтер.
- Баланың дамуын көрсететін слайд немесе альбом дайындау.

Безендіру:

- Топ бөлмесін безендіру: «Біз, бір жасқа есейдік!», «Балалар жетістіктері» деген жазулар, түрлі-түсті әшекейлер.
- Балалар жасаған қолөнер бұйымдарын көрмеге қою.

3. Бағдарлама:

3.1. Ашылу салтанаты (5–10 минут):

Тәрбиешінің құттықтау сөзі:

> *«Құрметті ата-аналар, бүгін біз балаларымыздың жыл бойы қалай есейгенін, олардың жетістіктерін көрсетеміз. Бұл тек баланың ғана емес, сіздердің де еңбектеріңіздің нәтижесі!»*

- Балалардың орындауында шағын тақпақ немесе ән.

3.2. Балалардың жетістіктерін көрсету (15–20 минут):

Слайд немесе бейнеролик көрсету:

Scanned with CamScanner

- Балалардың жыл бойы жасаған шығармашылық жұмыстарын, ойындарын, іс-әрекеттерін бейнелейтін слайд немесе видео.

Шығармашылық жұмыстар көрмесі:

- Балалардың жыл бойы жасаған суреттері, аппликациялары, қолөнер бұйымдары арнайы көрмеге қойылды.
- Тәрбиеші әр жұмыс туралы қысқаша айтып өтті.

Балалардың жетістіктерін атап өту:

- *«Балаларымыздың сөздік қоры артты».*
- *«Топта мейірімділік пен ұйымшылдық күшейді».*
- *«Ән айту, би билеу қабілеттері дамыды».*

3.3. Балалар мен ата-аналардың бірлескен әрекеті (15–20 минут):

Қозғалмалы ойындар:

- «Кімнің баласы жылдам?» эстафетасы (балалар мен ата-аналардың қатысуымен).
- «Отбасы доминосы». бірлескен сурет салу немесе құрастыру.

Шығармашылық шеберлік сағаты:

- Балалар мен ата-аналар бірге қарапайым қолөнер жасады (мысалы, аппликация немесе сыйлық картасы).

3.4. Талқылау және кері байланыс (15 минут):

Ата-аналардың пікірі:

- Балабақшадағы тәрбие мен оқыту туралы ата-аналардың ой-пікірлері тыңдалды.
- «Балаларыңыздың қандай өзгерістерін байқадыңыз?» деген сұрақ төңірегінде талқылау өтті.

Тәрбиешінің ұсыныстары:

- Балалардың дамуын жалғастыру үшін үйде қандай іс-әрекеттерді қолдануға болатыны туралы кеңестер берілді.

3.5. Қорытынды және марапаттау (10 минут):

Балаларды марапаттау:

- Әр балаға «Біз, бір жасқа есейдік!» деген сертификат немесе шағын сыйлық тапсырылды.
- Номинациялар: «Ең белсенді», «Ең мейірімді», «Ең шығармашыл».

Ата-аналарға алғыс айту:

«Сіздердің қолдауларыңыз бен ынтымақтастықтарыңыздың арқасында балаларымыз үлкен жетістіктерге жетті!»

Топтық фотосессия:

- **Балалар, ата-аналар және тәрбиешілер естелікке суретке түсті.**

Жиналыс хатшысы: Әбдраманова Г.Ж

Жиналыс төрағасы: Сексенова М.Е

Scanned with CamScanner